

"Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 340 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 29 шілдедегі N 455 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 15 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5285 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 19 мамырдағы N 224 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.05.19 N 224 бұйрығымен .

БҰЙЫРАМЫН :

1. "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 340 (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 20 маусымда N 5243 тіркелген, 2008 жылғы 11 шілде N 104 "Заң газетінде" жарияланған) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы екінші абзац мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы N 573 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесінің 2-тармағында көрсетілген тұлғалар үшін 2008 жылғы 23 маусымнан бастап 30 қыркүйекке дейін;"

8-тармақта "енгізіледі" деген сөзден кейін "және 2008 жылғы 23 маусымнан бастап туындаған әрекетке таратылады" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде шетелде оқыту үшін мандес мамандықтар тізбесінде: реттік нөмірі 26-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

26	Неонатология, балалар хирургиясы	Клиникалық ординатура	Денсаулық элеуметтік Медицина.	сақтау қамтамасыз	және ету:
		Докторантура	Шектеу қойылмайды.		
		Аспирантура	Шектеу қойылмайды.		

реттік нөмірі 28-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

28	Онкогинекология	Аспирантура	Шектеу қойылмайды.
		Клиникалық ординатура	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету: Медицина.
		Докторантура	Шектеу қойылмайды.

"

реттік нөмірі 32-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

32	Трансфузиология	Аспирантура	Шектеу қойылмайды.
		Клиникалық ординатура	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету: Медицина.
		Докторантура	Шектеу қойылмайды.

"

реттік нөмірі 34-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

34	Аллергология-иммунология	Аспирантура	Шектеу қойылмайды.
		Клиникалық ординатура	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету: Медицина.
		Докторантура	Шектеу қойылмайды.

"

2. Дамыту стратегиясы департаменті (С. Ырсалиев):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі

атқарушы

М и н и с т р д і ң м і н д е т і н
К. Шәмшидинова